

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 6 наурыздағы № 48 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 26 наурызда № 7-12-118 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 22 сәуірдегі № 93 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әкімдігінің 22.04.2013 № 93 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Келесі жекелеген санаттағы азаматтар үшін мемлекеттік мекемелерде және мемлекеттік кәсіпорындарда жұмыс орындарының квотасы белгіленсін:

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін бір п р о ц е н т м ө л ш е р і н д е ;

интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін бір процент м ө л ш е р і н д е .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н. С а б и р о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Утегулов